

**«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері
кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің
қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру және қызметкерлерді
құқықтық қорғау жөніндегі жұмысы туралы
АҚПАРАТ**

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы» қоғамдық бірлестігі (әрі қарай – Шымкент қалалық ұйымы) 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **95** бастауыш кәсіподақ ұйымын біріктіреді, олардың құрамында **14 149** кәсіподақ мүшесі, соның ішінде **11 165** жұмыс істейтін қызметкер бар.

Шымкент қалалық ұйымының құрамына мемлекеттік жоғары оқу орындарының, колледждердің, мектептердің, интернаттық мекемелердің, мектепке дейінгі, мектептен тыс және спорттық білім беру ұйымдарының, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация орталықтарының, сондай-ақ жеке меншік білім беру ұйымдарының бастауыш кәсіподақ ұйымдары кіреді.

Кәсіподақ мүшелерінің құқықтық қорғалуы мен олардың заңды құқықтары мен мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру мәселелері Кәсіподақ органдары қызметінің басым бағыттары болып табылады.

Осы мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін қалалық кәсіподақ комитеті жүйелі жұмыстар жүргізеді. Қалалық комитет аппаратының құрылымында құқықтық жұмыс жөніндегі бас маманның штаттық бірлігі қарастырылған, бұл лауазымды А.Ж. Дүйсенбиев атқарады.

Шымкент қалалық ұйымындағы құқықтық жұмыс бекітілген жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

Қалалық комитет құқық қорғау қызметіндегі жұмысында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Тексерулер жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын орындауы, келісімдер мен ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелердің орындалуы бойынша қоғамдық бақылау жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру және оның қамту аясын кеңейту мақсатында қалалық кәсіподақ комитетімен 9 адамнан тұратын қоғамдық бақылау жөніндегі жұмыс тобы құрылған *(2023-2025 жылдарға арналған жұмыс жоспары мен Атқару комитетінің жұмыс тобын құру туралы қаулысы қоса беріледі).*

Қоғамдық бақылау іс-шараларын тіркеуге арналған есеп журналы жүргізіледі.

Қалалық кәсіподақ комитеті кәсіподақ мүшелеріне білікті құқықтық көмек көрсетеді. Есептік кезеңде кәсіподақ мүшелерінен түскен 58 өтініш қаралып, 337 адамға құқықтық көмек көрсетілді.

Сонымен қатар, 40 білім беру ұйымында қоғамдық бақылау жүргізіліп, 90 құқық бұзушылық фактісі анықталды.

Кезеңдер	Құқықтық көмек көрсетілді	Қоғамдық бақылау жүргізілді	Анықталған еңбек заңнамасын бұзушылықтар	Қаралған өтініш саны
2023 жыл	116	8	33	21
2024 жыл	173	13	39	18
2025 жылдың I жартыжылдығы	47	19	18	19

Құқықтық оқыту үдерісінде кәсіподақ активі дәстүрлі оқыту түрлерімен қатар заманауи цифрлық технологияларды да тиімді пайдаланады. Кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік желілер арқылы консультациялық материалдармен қамтамасыз ету мүмкіндіктері кеңейтілген.

Кәсіподақ активі үшін семинарлар, форумдар, кеңестер және басқа да оқыту сипатындағы іс-шаралар өткізіледі. Бұл шараларға педагогикалық университеттің, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің және аумақтық кәсіподақ ұйымдарының кәсіби лекторлары тартылады.

Салалық кәсіподақтың Орталық комитетінің қолдауымен келісу комиссияларының мүшелерін оқыту бойынша семинарлар өткізіліп, қатысушыларға сертификаттар табысталған.

Сонымен қатар, кәсіподақ мүшелері мен бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларының Салалық кәсіподақтың Орталық комитеті тікелей ұйымдастырған республикалық оқу іс-шараларына қатысу тәжірибесі кеңінен жолға қойылған.

№	Жылдар	Келісу комиссиясы мүшелерінің саны	Лекторлар
1.	2023	120	Р.М. Қыдырбаева, Кәсіподақтың Орталық комитеті (Астана қаласы)
2.	2024	315	Р.М. Қыдырбаева, Кәсіподақтың Орталық комитеті (Астана қаласы)
3.	2025	368	К.М. Мукушев, ҚЖЕҚ сертификаттау орталығы (Алматы қаласы)

Қоғамдық бақылау барысында еңбек заңнамасын бұзудың әртүрлі түрлері анықталды. Барлығы 33 құқықбұзушылық фактісі тіркелген, оның ішінде: еңбекақы төлеу бойынша – 11 жағдай, жұмыстан заңсыз босату – 3 жағдай, еңбек қатынастарын рәсімдеу бойынша – 2 жағдай, атқарып жүрген лауазымынан босату – 2 жағдай, еңбек шарттарын ресімдеу – 2 жағдай, демалыс ақысының кешіктірілуі – 5 жағдай, сауықтыру жәрдемақысын төлемеу – 5 жағдай, декреттік демалыстан кейін әйелдерді жұмысқа қабылдамау – 1 жағдай, декреттік демалыстан кейін оқу жүктемесін әділ бөлмеу – 2 жағдай.

Құқықтық қызметтің қолдауымен 2023 жылы заңсыз жұмыстан босатылған 7 қызметкер қайта жұмысқа орналастырылды, оның ішінде: №124 жалпы орта білім беретін мектепте 3 қызметкер келісу комиссиясы арқылы, №18 жалпы орта білім беретін мектепте 1 қызметкер сот арқылы, №44 жалпы орта білім беретін мектепте 1 қызметкер сот арқылы, №39 балабақшада 1 қызметкер келісу комиссиясы арқылы.

Құқықтық жұмыс мәселелері Шымкент қалалық ұйымының атқару комитетінің отырыстарында және кәсіподақ активінің жиналыстарында тұрақты түрде қаралады (*тиісті хаттамалар бар*). Бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы құқықтық жұмысқа мониторинг жүргізіледі, анықталған бұзушылықтар туралы ақпарат жиналады және бірлескен тексерулер Шымкент қаласының білім басқармасымен бірге өткізіледі. Тексеру нәтижелері бойынша қызметкерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар енгізіледі, сондай-ақ педагогикалық ұжымдардағы психологиялық ахуалға кері әсер ететін әрекеттердің жолы кесіледі.

Көптеген мәселелер келіссөздер арқылы шешіліп, нәтижесінде тараптар арасындағы келісімге (консенсусқа) қол жеткізілді.

Бастауыш кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақ мүшелігімен қамтуды кеңейту мақсатында кәсіподақ көшбасшыларының еңбек ұжымдарымен «бетпе-бет» форматында кездесу өткізу тәжірибесі тұрақты түрде жалғасуда. 2023-2024 оқу жылында қалалық кәсіподақ комитеті еңбек ұжымдарымен өткізілген кәсіподақ жиналыстары барысында 6000-нан астам кәсіподақ мүшесімен кездесіп, еңбек даулары мен әлеуметтік қорғау тақырыптарын талқылады.

Құқықтық жұмыс (2025 жылдың I жартыжылдығы)

Жұмыс бағыты	Нәтижелері
Кәсіподақ мүшелеріне құқықтық көмек көрсету	41 өтініш қаралып, 5 құқық бұзушылық жойылды
Сот және сотқа дейінгі тәжірибе	2 іс: №65 мектеп-гимназия (даулы мәселе реттелді), №39 балабақша (іс сотта қаралуда)
Еңбек даулары кезіндегі	Кеңес беру, комиссияларға қатысу,

қызметкерлерді қолдау	е-Otinish жүйесі арқылы жүгінулер
Құқықтық сауаттылық пен құқықтық насихат	Дәрістер өткізілді, ақпараттық құқықтық парақшалар, прокуратура және сот органдарымен өзара іс-қимыл
Нормативтік-құқықтық база	Ішкі актілерді қолдану, жаңа ережелер әзірлеу

«Құқықтық қызмет» бағыты бойынша қорытынды (2025 жылдың I жартыжылдығы)

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымының құқықтық қызметі кәсіподақ мүшелерінің еңбек құқықтарын қорғау және кәсіподақ органдарының құқықтық қызметін қамтамасыз ету бағытында өзекті әрі жүйелі жұмыс жүргізуді жалғастырды.

Негізгі нәтижелер:

Барлығы 44 өтініш бойынша құқықтық көмек көрсетілді.

Сот және сотқа дейінгі тәжірибе жалғастырылды: бір іс (№65 мектеп-гимназия) сотқа дейінгі тәртіпте реттелді, ал екінші іс (№39 балабақша) сот қарауында. Бұл кәсіподақтың қызметкерлер мүддесін барлық деңгейде қорғауға дайын екенін көрсетеді.

Еңбек дауларын шешу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде, яғни кеңес берілуде, келісу комиссияларына қатысу жалғасуда, е-Otinish платформасы арқылы жедел әрекет ету қамтамасыз етілуде.

Құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыруға ерекше назар аударылды: дәрістер өткізілді, ақпараттық құқықтық материалдар таратылды, прокуратура және сот органдарымен өзара ынтымақтастық орнатылды.

Жалпы қорытынды:

Кәсіподақтың құқықтық қызметі 2025 жылдың I жартыжылдығында тұрақты нәтижелілік пен жоғары деңгейдегі кәсіби белсенділікті көрсетті.

Уақтылы көрсетілген құқықтық көмек, еңбек дауларын тиімді реттеу, құқықтық мәдениетті дамыту және нормативтік базаны жетілдіру арқылы білім саласы қызметкерлерінің құқықтарын қорғаудың сенімді негізін қалыптастыруда.

Айта кету керек, кәсіподақ ұйымдарының жұмыс тиімділігін арттыру және озық тәжірибені тарату мақсатында «Күшті кәсіподақ – ұйымшыл ұжым» қалалық байқауы өткізілген. Байқаудың сыйлық қоры – 500 000 теңге, номинациялар келесідей бағыттар бойынша айқындалған:

- әлеуметтік-құқықтық қорғау;
- ақпараттық жұмыс және кәсіподақ имиджі;
- кәсіподақ комитеті кабинеті.

Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымының қызметінде оң нәтижелермен қатар, бірқатар кемшіліктер де анықталып, олар кәсіподақ комитетінің қызметін зерделеу барысында назарға алынды.

1. Білім беру ұйымдарында қоғамдық бақылау жүргізу жоспары жетілдіруді қажет етеді. Оны жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын, келісімдер мен ұжымдық шарттар талаптарын орындауын қоғамдық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес қайта қарау ұсынылады. *(Жоспарлар тоқсан сайын, қажет болған жағдайда ай сайын әзірленуі тиіс).*

2. Қоғамдық бақылаумен қамтылған білім беру ұйымдарының үлесі төмен.

3. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру тәртібі Нұсқаулық талаптарына сәйкес сақталмаған.

Кәсіподақ органы тексеру басталардан кемінде он күн бұрын жұмыс берушіні хабардар етуі қажет. Хабарламада тексеру барысында қандай құжаттар мен қай мамандар қажет болатыны, сондай-ақ тексеру уақытына негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ комитетінің төрағасын жұмыстан босату қажеттілігі көрсетілуі тиіс.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салалық кәсіподағының Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімінің басшысы Р.М.Қыдырбаева